

6D080700-«Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Байгазакова Жадыра Муратханқызының «Доланалардың (*Crataegus L.*) орманшылық-экологиялық жағдайында мониторинг жасау және Семей қаласында қолдануға тәжірибелік ұсыныстар құрастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ШІКІР

Жұмыс тақырыбы өте өзекті, өйткені соңғы уақытта қоршаған ортаны қорғауға ерекше назар аударылды. Қала қоршаған ортаның жағымсыз экологиялық факторларына төтеп бере алмайтын өзін-өзі сауықтыру қабілетін жоғалтқан өте тұрақсыз және осал жүйенің моделі болып табылады. Қалалық экология жағдайында көптеген жағымды сипаттамалары бар долана тұқымдасының көгалдандыруда кең таралған өкілдері зерттелді.

Диссертацияны Байгазакова Ж. өзбетінше орындады және *Crataegus L.* тұқымдасының кейбір өкілдері туралы жаңа теориялық және эксперименттік нәтижелерді қамтыды. Жеке жұмыс жоспарына сәйкес Ресейде Нижний Новгородтық мемлекеттік агротехникалық университетінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптарға сай, ізденуші ғылыми жұмыста қойылған мақсат пен міндеттерін толықтай орындаған және жұмыстың ғылыми жаңалығы, теориялық, практикалық мәні бар. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Семей қаласы жағдайында алғаш рет доланаға кешенді экологиялық және орман шаруашылық бағалау жүргізілді. Алғаш рет Семей, Алматы қалаларында және Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағында өсетін доланаларға салыстырмалы көп реттік бағалау жүргізілді. Зертханалық зерттеулерде долананың морфологиялық бөліктерінің биохимиялық құрамы анықталды. Долананың иондаушы сәулелерге төзімділігіне зерттеулер жүргізілді. Долана жапырақтарындағы радиоактивті заттардың құрамы бойынша зерттеулер жүргізілді. Зерттеу нәтижелерін жобалау-іздістіру институттары, абаттандыру және басқа да ұйымдар жобалауда, ассортимент таңдауда және тұрақты екпелерді құруда пайдалана алады және экологиялық принциптер мен ұсыныстарды әзірлеуге негіз бола алады.

Байгазакова Жадыра Муратханқызының диссертациясы ғылыми біліктілік жұмыс мәртебесіне сәйкес келетін маңызды, қызықты және кәсіби деңгейде орындалған зерттеулер болып табылады. Диссертациялық жұмыста алынған деректер 14 мақалада көрсетілген, Оның 1- Scopus деректер базасына енгізілген Q2, процентілі -55, 3- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми жарияланымдарда, 8 – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, 1 – авторлық куәлік, 1 – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман


шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті бекіткен өндіріске ұсыныстар жарияланды. Ғылыми еңбектердегі жарияланған материалдар диссертацияның нәтижелерінің жариялануының және қорытындысының толықтығын растайды.

Зерттеу нәтижелерінде долана жапырақтарының сызықтық параметрлерін және салмағын, долана жемісінің салмағы мен сызықтық көрсеткіштерін, долана тұқымдары көрсеткіштерінің сандық өзгергіштігін, долананың өсу және даму көрсеткіштерін зерттелінді.

Жалпы, Ж.М.Байгазакова «Доланалардың (*Crataegus L.*) орманшылық-экологиялық жағдайында мониторинг жасау және Семей қаласында қолдануға тәжірибелік ұсыныстар құрастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының құндылығы жоғары, толықтай аяқталған ғылыми еңбек. Диссертациялық жұмыстың міндеттерінің өзектілігі, тәжірибелік материалдардың сапасы мен көлемі, зерттеу тәсілдері мен ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде келтірілген. 6D080700 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкестендірілгеннен кейін диссертациялық кеңеске жіберуге мүмкін деп санаймын.

Ғылыми кеңесші

«Орман ресурстары, аңшылықтану
және балық шаруашылығы кафедрасының
б.ғ.д., қаумд. профессор



Б.А.Кентбаева

